

2

Коммуналдық мекемелер  
қызметкерлері  
марапатталды



4

«Әдебиет теориясы»  
дәрісханасы ашылды



# Сыр бойы

№13 (21088)

27 қаңтар, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратурада жиын өткізді. Елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты. Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектті жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.

— Қоғамымызға, жалпы елімізге заң үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шетелдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағида ретінде қабылдануы керек, бұл қағида тты жана Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршең қағида екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің заңның бұзылуына бейтарап, селкос қарауға құқығы жоқ, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін цифрландыру үлерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды. — Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы, кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жаңа дүние жасаудың қажеті жоқ.

2-бет

/// КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

## КОМИССИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Астана қаласында Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы өтті. Комиссияға Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Азимова жетекшілік етеді, орынбасарлары — Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева. Құрамына Парламент депутаттары, мәслихаттар төрағалары, БАҚ өкілдері, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, өңірлердегі қоғамдық кеңестер мен ғылыми қоғамдастық өкілдері, сарапшылар кірді.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев комиссия мүшесі ретінде отырысқа қатысты. Еске салсақ, Мемлекет басшысы Конституциялық реформа жөніндегі комиссияны құру туралы Жарлыққа қол қойып, комиссияның ережесі мен құрамы бекітілген болатын. Конституциялық комиссия елдегі саяси-құқықтық реформаларды жүйелеу, Ата заңға енгізілетін ықтимал өзгерістерді сараптау және ұсыныстар әзірлеу бағытында жұмыс жүргізеді. Оның құрамында еліміздің өңір басшыларының арасынан Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бар.

Эльвира Азимова Конституциялық реформаның басты мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Атап айтсақ,

Жұмыс тобының мүшелерінен бөлек, азаматтардың ұсынысын ескеру. V Ұлттық құрылтайда Президент ұсынған мемлекеттік билікті бір палаталы Парламентке — Құрылтайға өткізу, Халық кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу және басқа да мәселелерді жан-жақты әрі кешенді түрде зерделеп, пысықтау.

Кеңейтілген құрамдағы Конституциялық комиссияның құрылуы осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстың қисынды жалғасы, сондай-ақ бірнеше айға ұласқан пікірталастар барысында қалыптасқан ауқымды қоғамдық сұранысқа берілген жауап болды.

Қазақстан Республикасы саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам

басуда. Мемлекет басшысы әрі қарайғы дамудың институционалдық тепе-теңдікті нығайту, заң шығарушы биліктің тиімділігін арттыру, тежемелік тепе-теңдік жүйесін күшейту, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік басқаруға қатысуын қамтамасыз ететін конституциялық механизмдерді жаңарту арқылы ғана мүмкін екенін айқын атап көрсетті.

Отырыста Ерлан Қарин Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының атқарған ісіне тоқталып, Ұлттық құрылтайда көрсетілген бағыт-бағдарларды атап өтті.

Басқа да комиссия мүшелері алдағы маңызды мәселелер бойынша ойларын ортаға салды.

## ТҮЗЕТУЛЕР ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАРАЛДЫ

Астанада Конституциялық комиссияның екінші отырысында Ата заңға енгізуге ұсынылған түзетулер жан-жақты қаралды. Бұл түзетулер қоғам өкілдерінен, саяси партиялардан және сарапшылар қауымдастығынан келіп түскен көптеген ұсыныстың барлығы ескеріле отырып қалыптастырылды.

ҚР Конституциялық Сотының төрайымы Эльвира Азимованың хабарлауынша, комиссияға екі мыңнан астам ұсыныс келіп түскен, олардың барлығы біртұтас жинақталған кестеге біріктірілді.

«Азаматтар мен сарапшылардың

белсенді қатысуы конституциялық реформаның жоғары қоғамдық маңызын растайды. Мұндай диалог форматы негізгі қағида тты айқын-дайды: конституциялық реформа ең алдымен халықтың мүддесі үшін және оның тікелей қатысуымен

жүргізіледі», — деді Эльвира Азимова. Отырыс барысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаровтың және Мәжіліс депутаты Снежанна Иманшеваның баяндамалары тыңдалды.

2-бет

/// ӘРТАРАПТАНДЫРУ

## ҚҰМАЙ ӨСІРУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТИІМДІ

Аймағымыздағы күріш жүйелеріндегі ауыспалы егістер негізінен сегіз танапты болып келеді. Сырдарияның суы мол кезде күріштен мейлінше көп өнім жинау мақсатында бұл ауыспалы егістердегі күріш дақылның үлесі 62,5-75 пайызға дейін жоғарылады, яғни ауыспалы егістің 5-6 танабына күріш орналастырылды. Бұл жағдай топырақ құнарлылығын төмендеуіне, агрофизикалық қасиеттерінің нашарлауына, күріш өсімдігінің зиянды ағзаларының көбеюіне, жалпы айтқанда, егістік жерлердің тұздануына, тозуына әкеп соқтырды.

3-бет



Фото ашық дереккөзінен

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

## ЭКСПОРТТАЛАТЫН КӨЛІКТІҢ УТИЛЬБАЛЫМЫ ӨСТІ

Утилизациялық алым ставкаларындағы өзгерістер тек Қазақстанға Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясынан әкелінетін автокөліктер мен өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасына ғана қатысты болатыны Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінде айтылды.

— Бұл Қазақстаннан Ресей мен Беларуське экспортталатын автокөліктерге утилизациялық алымды есептеу кезінде аталған елдерде белгіленген мөлшерлемеге қосымша түрде Қазақстанда төленген кедендік баждар, қосылған құн салығы мен акциздер арасындағы айырманың алынуымен байланысты. Алайда Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 454 және 456-баптарына сәйкес, Қазақстанда өндірілген автокөліктер — ЕАЭО тауарлары. Осыған орай, Беларусь пен Ресейде қазақстандық өндірістің автокөліктерге кедендік коэффициенттерді қолдану заңсыз, — делінген хабарламада.

Ал елімізде өндірілетін техникаға, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше емес мемлекеттерден, Армения мен Қырғызстаннан импортталатын техникаға утилизациялық алым ставкалары бұрынғы деңгейде сақталады. Сонымен қатар Қазақстан мен ЕАЭО серіктестері арасындағы утилизациялық алым ставкаларындағы теңгерімсіздікті жою үшін ресейлік және беларусиялық техникаға арналған утильалым мөлшері Ресей Федерациясының заңнамасында 2025 жылғы 1 желтоқсанныан бастап белгіленген төлем деңгейіне теңестіріледі.

## ЖИ-СЕРВИСТЕР КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Қазақстанда әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте диагностикалауға және медицина қызметкерлерін қолдауға бағытталған денсаулық сақтаудағы басым ЖИ-жобалардың тізбесі қалыптастырылды деп хабарлайды ДСМ баспасөз қызметі.

Негізгі бағыттардың қатарына инсульт, өкпе және сүт безі обьрын ерте диагностикалау, сондай-ақ жасанды интеллектті қолдана отырып, стоматологиялық суреттерді талдау жатады. Бұл шешімдер қазіргі өзінде практикалық денсаулық сақтау саласында енгізіліп, кеңейтіліп жатыр.

Бүгінде отандық медицина мамандары түрлі ЖИ-сервистерді белсенді қолданады. Осылайша Cerebra 5 өңірдегі II және III санаттағы 9 инсульт орталығында, WdSoft шешімі 10 өңірдегі 190 медициналық ұйымда, AIDENTIS платформасы 65 стоматологиялық клиникада және 3 медициналық ЖОО-да енгізілді. ALIMA медицина қызметкерінің ЖИ-ассистенті бүкіл ел бойынша 700-ден астам емханада қолданылады.

## МҰНАЙ ӨНДІРУ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

«Теңішевройл» компаниясы электр энергиясын тарату жүйесі қауіпсіз түрде іске қосылғанын және шікі мұнайдың бастапқы өндіру жұмыстары қайта басталғанын мәлімдеді.

Компанияның таратқан ресми ақпаратына сүйенсек, қазіргі уақытта өндіріс көлемі мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен арттырылып жатыр.

— ТШО қауіпсіз әрі сенімді өндірісті қамтамасыз ету қағида ттарына адал болып қала береді. Бұдан өзге ТШО өз өндірістік қызметінің егжей-тегжейлеріне түсініктеме бермейді, — деп мәлімдеді компанияның баспасөз қызметі.

Еске салайық, 18 қантарда «Теңіз» кен орнында өрт болып, 450-ден аса жұмысшы эвакуацияланған еді.

Ақпарат көздрінен

Валюта бағамы:

\$ 503,35 kzt

€ 590,63 kzt

₸ 6,62 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі ☀️ -2°

☾️ -4°

Сәрсенбі ☀️ -4°

☾️ -9°

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев көші-кон үдерістерін жаппай цифрландыруды өте өзекті мәселе ретінде атады.

– Көші-кон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл – өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүние жүзінде кең ауқымды көші-кон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан – басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақытылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру – аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлеуметтік желіде ақпарат таратуда заң талаптары ескерілуі қажет екенін айтты.

– Технологияның қарқынды дамуы ақпараттық кеңістіктің түбегейлі трансформациясына жол ашады. Қоғамды жікке бөліп, азаматтарды бір-біріне қарсы қоятын деструктивті ақпарат таратуға бейіл адамдар да бар. Мұның бәрі өшпенділікке бастайтын ешкімге қажетсіз, тіпті қауіпті пікірталасқа жалғасады. Жасанды интеллектіні осындай адамдар ақпараттық қаруға айналдырып, заңға қайшы

келетін контенттерді көптеп тарата бастайды. Бұған жол беруге болмайды. Ондай әрекеттерге құқықтық баға беріп, жауапкершілікке тарту қажет. Азаматтарға деструктивті контентті таратудың құқықтық салдары жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тәртіпсіздік пен заңсыздыққа жол беруге болмайтынын атап өтті.

– Ұлттық құрылтай отырысында мен отаншылдық ұғымы туралы пікірімді айттым. Отаншылдық, бұл жай ұран емес, отаншылдық дегеніміз – қасиетті сезім, мұның әсіреш-ұлтшылдыққа еш қатысы жоқ. Қазақстанда біз отаншылдық ұғымына жауапкершілік және жасампаздық тұрғысынан қарауымыз керек, яғни отаншыл азамат ең алдымен жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік – саяси ұпай жинау немесе қызметтік мансап жасау емес, бұл – Отанына жақсылық жасау, еліне пайда әкелу деген сөз, – деді Президент.

Сонымен қатар жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Президенттің көмекшісі Қуанышбек Есекеев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов сөз сөйледі.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## САПА – БАСТЫ КӨРСЕТКІШ

Кеше аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен пайдалануға берілген әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің қазіргі жай-күйі талқыланған мәжіліс өтті. Жиында жауапты сала басшылары қатысып, нақты тапсырмалар жүктелді.



– Пайдалануға берілген және құрылысы жүргізіліп жатқан әлеуметтік нысандарға, тұрғын үйдің сапасына кешенді зерделеу жүргізіңіздер. Барлық нысанның жоба-сметалық құжат-тамаға және қолданыстағы құрылыс нормаларына сәйкестігі қатаң бақылануы тиіс. Өйткені мемлекет қаржысына салынған нысандар халықтың игілігіне қызмет етеді. Кепілдік мерзімі аясында мердігер ұйымдар анықталған кемшіліктерді толық жойып, атқарылған жұмыстарға тұрақты мониторинг жүргізуі керек, – деді Д.Жаналинов.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының нәтижесінде аймақта құрылыс қарқыны жыл сайын артып келеді. 2022 жылдан бері өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынған.

Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясаттың жемісі ретінде кейінгі жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталғанын атап өту керек.

2023 жылы барлық ауданда алғаш рет 1 800-ге жуық пәтер тұрғындарға пайдалануға берілді. Өткен жылы 3 600 пәтерлік тұрғын үйлер құрылысына бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Кезекте тұрған азаматтарға 2 392 пәтер табыстау үшін 57 млрд 440 млн теңге қаржы жоспарланған.

Ерекше атап өту қажет, былтырдан бастап Қызылорда қаласында заманауи сәулеттік үлгідегі жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер құрылысы қарқын алып келеді.

## ТҮЗЕТУЛЕР ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАРАЛДЫ

Атап айтқанда, Әділет министрі түзетулерді Конституцияның Үкіметтің, Конституциялық Соттың, прокуратура органдары мен сот билігінің жекелеген функцияларын, құқық қорғау тетіктерін, жергілікті өзін-өзі басқаруды, жекелеген аумақтарда арнайы құқықтық режим белгілеу қағидаттарын, сондай-ақ Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін реттейтін бөлімдері мен баптарына енгізу ұсынылып отырғанын айтты.

Оның айтуынша, түзетулердің жекелеген блогы болашақ бір палаталы Парламент – Құрылтайдың қызметіне қатысты болады. Мысалы, төрағаны тағайындау тәртібі, депутаттық корпусты қалыптастыру және өзге де рәсімдік мәселелер регламенттеледі.

Үкіметтің функцияларын реттеу бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, сондай-ақ мемлекеттік комитеттерге қатысты өкілеттіктерді алып тастау ұсынылады.

Сонымен қатар, Конституцияда сот билігінің әкімшілік сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырылатыны тікелей көрсетілуді ұсынылады. Бұл құқық үстемдігі қағидатын нығайтуға және мемлекет пен азамат арасындағы нақты теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Ерлан Сәрсембаевтың айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік жүйенің тиімділігін кешенді түрде арттырады.

«Қоғам үшін бұл мемлекеттің сыртқы немесе ішкі жағдайларға қарамастан, дәйекті әрі құқықтық алаңда әрекет ететініне деген болжамдылық пен толық сенімді білдіреді. Әлеуметтік міндеттемелер орындалады, экономикалық үрдістер жалғасады, халықаралық міндеттемелер сақталады», – деді Әділет министрі.

1-бет



Өз сөзінде Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров бір палаталы Парламентке көшуге байланысты Конституцияның тиісті баптарына көптеген өзгеріс енгізу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Ұсынылатын тәртіпке сәйкес, Құрылтай Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі арқылы сайланатын 145 депутаттан құралады. Депутаттардың өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Нұрлан Бекназаров сондай-ақ Конституцияға Халық кеңесінің өкілеттіктері туралы жеке бөлім енгізу оның айрықша маңызын айқындайтынына назар аударды.

«Халық кеңесі – Қазақстан

халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік орган, оның құрамы Қазақстан Республикасының азаматтарынан қалыптастырылады. Халық кеңесін құру тәртібі, оның құрамы, өкілеттіктері және қызметін ұйымдастыру мәселелері Конституциялық заңмен бекітіледі», – деді ол.

Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева Конституциялық комиссия мүшелеріне бірінші отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген түзетулердің салыстырмалы кестесін таныстырды.

Оның айтуынша, жинақталған ұсыныстар Қазақстанның конституциялық құрылысының негіздерін нақтылау мен нығайтуға, жекелеген нормалардың құқықтық айқындығын арттыруға және құқық қорғау тетік-

терін күшейтуге бағытталған.

Ерекше назар Преамбуланы күшейтуге, құқықтық және зайырлы мемлекет қағидаттарын бекітуге, адам қадір-қасиетін, өмір сүру құқығын, жеке бостандық пен қол сұғылаушылықты, сондай-ақ жеке өмір мен дербес деректерді қорғауға аударылды.

«Ұсынылып отырған өзгерістер конституциялық нормалардың іс жүзінде қолданылуын күшейтуге және оларды түсіндіруде бірыңғай тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған», – деп түйіндеді Снежанна Имашева.

Конституциялық комиссия мүшелері жекелеген жұмыс секциялары шеңберінде негізгі заңға ұсынылған түзетулерді талқылауға кірісті.

## КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов коммуналдық мекемелер қызметкерлерімен кездесті.

Кездесуге «Қызылорда электр тарату тораптары», «Қызылорда жылу-электр орталығы», «Қызылорда су жүйесі», «Қызылорда та-

залығы», «Қызылорда автобус паркі», «Қорқыт ата әуешайы» мекемелерінің, «Qazagaz» ұлттық компаниясының, «Қазсуар» ШЖҚ

РМК «Сыр суы» филиалдарының, Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының қызметкерлері қатысты.

Онда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуда атқарылған ауқымды жұмыстар сөз болды.

Қаладағы қалыпты тіршілікті қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп, тәулік бойы жұмыс істейтін, V Ұлттық құрылтайдың өтуіне атсалысқан қызметкерлер, еңбек адамдары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

/// БРИФИНГ

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» – АЙРЫҚША ҚОЛДАУ

Жыл басында аудандарда атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы міндеттер жайы нақтылануы дәстүрге айналған. Өткен аптада өңірлік коммуникациялар қызметінде Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов аймақтағы БАҚ өкілдерімен кездесіп, ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар етті.

– 2025 жылы ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі 102,3, өңдеу өнеркәсібі 108,2, инвестициялар тарту 101,3, бөлшек сауда 100,2, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 100, тұрғын үй көлемі 104,3, құрылыс жұмыстары 115,1 пайыз орындалды.

Аудан бюджеті 9,2 млрд теңге көлемінде қалыптасып, 9,5 млрд теңгеге нақтыланып, 100 пайыз игерілді. Оның ішінде өз кірістеріміз 2,6 млрд теңге болып, 116,8 пайызға орындалды, – деді аудан әкімі.

Баяндамада шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, ауыл тұрғындарының табысын арттыруда «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жайы айтылды. «Бай-қоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 166,5 млн теңгеге 33 жоба қаржыландырылып, 35 жаңа жұмыс орны құрылды. Нақтырақ айтқанда, өңдеу бағытында 14 жоба, асылтұқымды мал бағытында 12 жоба, құс шаруашылығы 1 жоба қызмет көрсету бағытында 6 жоба іске қосылған.

– Жыл басынан «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2 жоба 15,2 млн теңгеге қаржыландырылып, 117,8 млн теңгеге 18 жобасының құжаттары «Amanates» цифрлық платформасына енгізілді.

Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға 1 млрд теңгеге 4 инвестициялық жобасы енгізіліп, іске асты. Нәтижесінде өңдеу саласында 19 жана жұмыс орны құрылды. «Havest Agro Holding» компаниясының техникалық дақылдарды егу және қайта өңдеу кластері жобасы жүзеге асырылуда. Бұл Тәуелсіздік жылдардағы ауданымызда инвестор қаржысына салынған ең ірі жоба болмақ.

Су тапшылығына қарамастан, мемлекеттік қолдау мен жаңа технологияларды пайдалану нәтиже-

сінде егін жинау жұмыстары талапқа сай орындалып, гектарына 60 центнерден астам өнім алынып, 116 331 тонна астық жиналды. Егін науқанының нәтижесі бойынша Жалағаш «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша «Озат аудан» деп танылды, – дейді Ардақ Әбдіғаббарұлы.

Аймақ басшысының қолдауымен жол саласын дамытуға бюджеттен 2 млрд теңге бөлініп, аудандық маңызы бар 1 автомобиль жолы және кент, ауылдық округтердегі 37 ішкі көшеге күрделі жөндеу, 8 көшеге тас төсеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, Жанадария, Аққыр елді мекендерінің 5 көшесін күрделі жөндеуден өткізуге бюджеттен қаржы бөлінді.

Аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Сонымен қатар, өткен жылы Есет батыр елді мекенінде ауызсу жүйесін қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы бөлініп, газ желісін тарту жұмыстары жүріп жатыр.

Аудан халқының 50 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылған. Бұл жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады. Айталық, өткен жылдың қараша айында Қаракеткен және Далдабай елді мекендерін газдандыруға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, газ желісін тарту жұмыстары басталды. Сонымен қатар, Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру мақсатында демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, бюджеттік өтінім салалық министрлікке жолданды.

Аудан басшысының баяндамасында айтылғандай, әлеуметтік сала бойынша да айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізілген.

2024-2025 оқу жылы 20 мектептен 6 603 оқушы, 11-сыныпты 450 түлек бітіріп шықты. 16 түлек «Алтын белгі», 48-і «Үздік аттестат» алды.



Денсаулық сақтау саласы жылдан жылға тұрақты дамып келеді. Оның бір көрінісі, республикалық бюджеттен 388 млн теңге бөлініп, Қаракеткен ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілді.

Аудандық ауруханаға 62,4 млн теңгеге заманауи ультратырадыстық-диагностикалық аппарат (УДЗ), сонымен қатар, 98 млн теңгеге рентген-маммографиялық және стационарлық цифрлық рентген-флюорографиялық аппараттар алынды.

«Руханиат орталығы» халыққа қызмет көрсетіп тұр. Аталған коффункционалды гимаратта музей, кітапхана, архив, неке кино залы, сондай-ақ ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері сияқты тарихи-мәдени және рухани ұйымдар біріктірілген. Спорт саласына келсек, бүгінде шамамен 16 мың тұрғын, яғни жалпы халықтың 44,3 пайызы бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысады.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында кент орталығында дене-шынықтыру-сауықтыру кешені пай-

далануға берілді. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде ашылған денешынықтыру-сауықтыру кешені ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп тұр.


Қазақстан футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екіжақты жасалған меморандум нәтижесінде УЕФА-ның Alan жобасы аясында орталық стадионның жасанды аланы қайта жаңғыртылды. Оған қоса, аудан бюджетінен 43,5 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмысы жүргізілді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға белсене араласып жүрген демеушілер көмегімен 261 млн теңгеге жобалары жүзеге асырылған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Таза Қазақстан», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары аясында Жалағаш кенті мен 14 ауылдық округте абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары қарқын алды.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

# ЕҢБЕК ӨРГЕ, БЕДЕЛ ТӨРГЕ ШЫҒАРАДЫ

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Сыр елінің сындарлы азаматтарының бірі Мұсахан Басшыбаевтың есімін жерлестеріміз, әсіресе білім саласының мамандары жақсы біледі. Өзінің іскерлігімен, сала жұмысындағы жаңашылдығымен, азаматтық болмысымен абыройлы болған ағамыз 1956 жылдың 1 ақпанында Қармақшы ауданы Жосалы кентінде көпбалалы теміржол жұмысшысы Айтбай әке мен Мамық ананың отбасында дүниеге келген.



1972 жылы Ш.Уәлиханов атындағы №26 қазақ орта мектебін бітіріп, еңбек жолын Жосалыдағы «Теміржолшылар» клубында киномеханик көмекшісі болып бастаған. 1973-1977 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқып, білім алды. Екі жыл Отан алдандағы әскери борышын өтеп жүріп, партия мүшелігіне үміткер болды. Ол кезде коммунистік партия қатарында болу қызмет етемін деген әр азаматтың алдынан ашылған алтын қақпа секілді еді.

Солай бола тұрса да әскерден келген жас маманға жұмыс табыла қоймады. Сөйтіп жүріп, өзі бітірген мектептің жарты айлықтың жартысымен жалақы төленетін мұғалімдігіне ілінді. Жұмысқа кірісіп, танның атысы мен күннің бағысы мектеп жұмысына бойлап кетті. Айлығым аз, жұмысым көп демеді. Мектептің радиоторабын жүргізу, көрнекілік жазу, кабинет жасактау – оның жұмысы, тіпті денешынықтыру, сызу пәндерінен сабақ берді.

Осы еңбектің арқасында мұғалімдік сағаты толықтырылып, аудандық оқу бөлімі әдіскерлік жұмысқа шақырды. Сол қызметте Басшыбаев білім саласын жан-жақты игере алатын қабілетін танытты. Сондықтан оны басшылық 1984 жылы Энгельс атындағы колхоздың (қазіргі Дүр Онғар ауылы) №107 қазақ орта мектебіне директор етіп жіберді.

Еңбек аламыз өрге шығарады екен. Мүскең қасиетті Қармақшы топырағынан түлетген Бакберген Досманбетов, Нағымалдин Егізбаев, Амангелді Өбзалев секілді белгілі, аптал ағаларына ұқсағасы келетін. Алайда қызметке ұмтылмады, берген жұмысты жаң-тәнімен атқарды. Қызмет оны өзі іздеп келді.

1986 жылдың қыркүйек айында Қармақшы аудандық оқу бөлімінің бұрынғы менгерушісі қызметінен босатылып, ол орын тоғыз айға дейін бос тұрды. Оған себеп – аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы мен облыстық оқу бөлімінің менгерушісі бірі ұсынған кадрлы екіншісі қабылдамай, текетреске барды. Бұл мәселеден ел де құлақтанды. Осыған орай сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетіне «Біреуі көнбейді, екіншісі сенбейді» деген сын мақала да жарк ете түсті.

Бұл мақаланы оқыған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбеков аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына тапсырма беріп, талап қояды. Ол талап мынадай: біріншіден, қар білім саласын жан-жақты білетін мектеп директоры болуы тиіс, екіншіден, жас және қарапайым отбасы мүшесі болсын, үшіншіден, тамыр-танысы, туысқаны жоғары лауазымды қызметте болмауы шарт.

Дәл осы талапқа №107 мектеп директоры Мұсахан Басшыбаев сай келеді.

Осылайша ол бірінші хатшының қабылдауында болып, облыстық партия комитетінің ұсынысымен Алматыға баралы.

Министрлік мәжілісінде оны «Қазақстанның білім саласындағы ең жас аудандық оқу бөлімінің басшысы» деп таныстырады. Сол кезде Мұсахан Басшыбаев отыз жасқа енді толған еді. Ол осы аудандық білім саласын он жылға жуық басқарды. 1988 жылы

«оқу бөлімі» деген атау «білім бөлімі» болып өзгертілді.

Басшыбаевтың бұл саладағы жаңашылдығы мен ізденімпаздығы – ұзақ әңгіменің арқауы. Жаңа басшы аудандық әуез мектебі негізінде 7 жыраулық мектептің ашылуына бірден-бір бастамашы болды. Бұл мектептерге Ш.Төлепова, Б.Рүстембеков, А.Сәрсенбаев, С.Ақбаев, Р.Байғараев, С.Ыдырысов, Ж.Қаймақбаев секілді дәстүрлі өнердің белгілі өкілдері жетекшілік жасады.

Жыраулық мектептердің іс-тәжірибесін таныстыру мақсатында 1990 жылы аудан орталығында республикалық семинар өткізілді. Мұндай өміршен бастамалар Сыр сұлейлерінің мұрагер ұрпағы К.Рүстембеков атындағы «Жыраулар үйінің» ашылуына мұрындық болды.

«Жыл мұғалімі», «Жыл директоры», «Класс жетекшілері», отбасылық өмірге арналған «Ақ босаға» байқауларын өткізу ісі арқылы тәжірибелі мұғалімдер іріктеліп, алға шығып отырды. Осы мұғалімдердің озат іс-тәжірибелері арқасында оқушылар олимпиадасының жеңімпаздары көптеп шықты.

М.Басшыбаев тек өз міндетімен шектелмей, елшілдігін, ұлт мүддесіне жанашырлығын таныта білді.

1989 жылдың маусым айында Қостанай қаласында өткен «Орта мектептердің оқу бағдарламасы мен ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту туралы» республикалық семинарға барғанда «Дала қонырауы» атанған дана ұстаз Ы.Алтынсариннің мәңгілік жайын көріп, жабығып оралды. Ұлы тұлғаның бейіті жай бір төмпешік болып жатыр екен.

Көп ұзамай Мүскеңнің «Қазақстан мұғалімі» газетінде Алтынсариннің мәңгілік мекеніне күмбез-белгі орнату туралы бүкіл ел мұғалімдеріне жолдаған үндеуі жарияланды. Осы үн 1981 жылы Ы.Алтынсариннің 100 жылдығына орай ұлы ағартушы бейітінің көрікті күмбез-белгі болып көтерілуіне тұғыр қалады.

Басшыбаевтың білім саласындағы білікті, ізгілікті істеріне орай Білім министрлігінің басқарма басшылығына, департамент директоры қызметіне шақырылғаны бар. Бірақ ол қызметтерден бас тартып, туған жерінде қалуды қалады.

Кенпейілдік Мүскеңнің қанына дарыған. 2023 жылы оған аудан әкімдігі жанындағы комиссия мүшелері «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім қабылдайды. Сол кезде Мүскең: «Аудандық оқу бөлімін он бес жыл басқарған Тілемұрат Науанов – біздің ұстазымыз, бұл құрметке сол кісі лайық» деп ризашылық білдіріпті.

1995 жылы облыс әкімі болып келген Бердібек Сапарбаев ісіне табанды, міндетіне адал Мұсахан Басшыбаевты Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары, 1996 жылы мамыр айында облыс әкімінің шікі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің менгерушісі қызметіне тағайындайды.

Ал 1996 жылы қыркүйек айында Қызылорда қалалық білім бөлімінің менгерушісі, 1999 жылдан 2000 жылға дейін облыстық кадрлар біліктілігін арттыру институтының директоры болды.

2000 жылдың наурызынан бастап ҚР Парламенті Сенаты аппаратында сарапшы, бас сарапшы, консультант, бас консультант, сектор менгерушісі қызметтерін атқарып, 2019 жылы зейнет демалысына шықты.

Мұсахан Айтбайұлы педагогикалық біліммен қатар экономистік, зангерлік мамандықтарды да игерген. 1997 жылы өзі зерттеген ғылым саласы бойынша «Саяси ғылымдарының кандидаты» деген ғылыми дәреже қорғалы.

Бүгінде Мүскең – әулет ағасы, отбасы шуағына шомылған ардақты ата. Қай жылы күллі елге келген кесел дертінен сүйікті жары Қалдыгүл өмірден озды. «Жас ортасында жарың өлмесің» деген қазақ, бұл шер-шеменді басына түскен жаннан артық білетін кім бар.

Алайда, азаматтың сол күйін сезініп, жанына желеу болған жан кездесті. Ол өзіне пейілін, перзенттеріне мейірін төккен Ұлттық нейрохирургиялық орталық медбикесі Манат Көженбекқызы еді. Мүскең мен Манат бүгінде бірі отбасының панасы, бірі анасы болып, селбесіп өмір сүріп келеді. Екеуінің ендігі бар тілеуі – ел амаңдығы, балалар бақыты.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

# ҚҰМАЙ ӨСІРУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТИІМДІ

Күріш ауыспалы егісінде міндетті түрде егілетін маңызды дақыл – көпжылдық бұршақ тұқымдас жоңышқа. Ол біріншіден, топырақты биологиялық азотпен байытады, екіншіден жоғары протейнді мал азығы. Соңғы кездері су тапшылығына байланысты ғалымдар ауыспалы егістегі күріштің үлесін 25-37,5 пайызға дейін төмендетіп, босаған таппаттарға әртарапталдыру дақылдарын орналастыруды ұсынып жүр. Суды аз тұтынатын ерте дәнді астық дақылдары, жүгері, мақсары, қызылша және басқа өндірістік топтарға жататындар зерттелуде.

Біздің пайымдауымызша, әртарапталдыру дақылдары төмендегідей талаптарға сай болуы керек. Ең басты талап – өнімділігі жоғары болып, әр гектардан алынатын таза пайда күріштен кем болмауы тиіс. Суды аз тұтынатын, яғни құрғақшылыққа төзімді, топырақ тұздылығын төмендетуге қабілетті, топырақтың агрохимиялық және агрофизикалық қасиеттерін жақсартатын талаптарға сай келуі керек. Аймақтың табиғи-климаттық жағдайына бейімделген ауыл-шаруашылық дақылдары ауыспалы егісте жақсы өскенмен, жоғары экономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз етпегендіктен кең таралмай отыр.

Осы орайда, Сыр бойының күріш ауыспалы егістерінің тұзды топырағын қалпына келтіруге және мал шаруашылығын өркендетуге қуаңшылыққа төзімді, биік сабақты малазықтық астық дақылдарының маңызы зор. Мал шаруашылығын құнарлы азықпен қамтамасыз ету үшін тозған жерді қайта игеріп, айналымға қосу мақсатында топырақ тұздылығы мен ауа құрғақшылығына, қуаңшылыққа төзімді малазықтық дақылдарды Қызылорда облысының ғалымдары соңғы 15 жылдан астам уақыт шамасында зерттеп келеді.

Суды аз тұтынатын дақылдарға жататын құмай дақылды топырақтың мелиоративтік жағдайын жақсартып қана қоймай, азық-түлікке және мал азығына пайдаланатын құмай дәнін, жасыл азық, пішен, пішендеме және сүрлем өнімдерін алуға мүмкіндік береді.

Құмай – кеш жаздық дақыл. Жылы-сүйгіштігімен, құрғақшылыққа өте жоғары төзімділігімен, тұза төзімділігімен және пайдалану әмбебаптығымен ерекшеленеді.

Оны өсіру экономикалық жағынан өте тиімді. Себу нормасының төмендігі (10-15 кг/га) және тұқым өңгіштігінің сақталу мерзімінің ұзақтығы, кеш себу мерзімімен қоса, құмайды әлеуетті стратегиялық дақыл ретінде күздік және ерте жаздық дақылдардың жаппай қырылуы кезінде қайта себу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұл дақылдар негізінен үш бағытта қолданылады: тамақ өнеркәсібі, биоэнергетика және жемішөп өндірісі. Дөңдіреді қоректік заттар мөлшері, оның сортына және өсіру жағдайына байланысты. Химиялық құрамы бойынша жүгері мен арпа дәніне жақындау. Құмай дәнінің құрамында 75 пайызға дейін крахмал, 12-13 пайыз протейн және 3,5 пайыз май бар екені анықталған. 1 келі дәнінде 1,3, ал 1 келі сүрлемде 0,24 малазықтық бірлік бар. Құмай дәнін жарма, ұн және крахмал алу үшін өңдейді.

2012-2014 жылдары жүргізілген экологиялық сорт сынау нәтижелері бойынша зерттелген орталық азиялық кант құмайының сорттары мен сорт үлгілері арасынан далалық пығымы және жасыл масса өнімділігі жоғарылары іріктелді.

Қазақстандық Арал өңірі жағдайында жүргізілген экологиялық сорт сынау нәтижесінде жеке сұрыптау арқылы кант құмайының жана «Кешен» сорты шығарылды. Ол өсіп-өну мерзімі бойынша кеш пісетін

1-бет

сорттарға жатады. Конкурстық сорт сынақтарда «Кешен» сортының жасыл масса өнімділігі екі орымда гектарынан 60 тонна, дәл өнімділігі 5,2 тонна болды. Сорт Қазақстан Республикасының тәлімі жерлеріне және суармалы егістерде егуге ұсынылды. Бұл дақылдың өнімі тек мал шаруашылығымен айналысатын жергілікті шаруашылықтар үшін ғана қажет болғандықтан кең көлемде таралмай отыр.

2024 жылдан бері Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары «Қазақстандық Арал өңірі күріш жүйелерінің тұзды топырағында дәндік құмайдың отандық және шетелдік селекциясы сорттарын экологиялық сынау» тақырыбында ғылыми жобалар аясында гранттық қаржыландыру бойынша зерттеулер жүргізуде. Жобаның мақсаты – экологиялық сорт сынау негізінде Арал өңірінің тұзды топырағына және қатал агроклиматына төзімді, инновациялық жоғары өнімді сорттар мен сорт үлгілер селекциясы үшін практикалық қызығушылық тудыратын шаруашылық құнды белгілер кешені бар дәнді құмайдың отандық, шетелдік сорттарының өнімділігін салыстырмалы талдау және жоғары өнімді генотиптерін іріктеу.

Дәнді құмай – әлемде ең көп өндірілетін бесінші дәнді дақыл және негізінен АҚШ, Үндістан, Мексика, Нигерия және



Фото ашық дереккөзден

Аргентинада өсіріледі. Африка мен Азияның субтропиктік және жартылай құрғақ аймақтарындағы 30-ға жуық елде тұратын миллиондаған адамның негізгі тағамы. Африка құрлығы құмайдың ең ірі өндірушісі, олан кейін орында Америка құрлығы барлық құмай өнімінің үштен бірін өндіреді. Дүние-жүзілік өндірістің шамамен жартысы азық-түлік ретінде, үштен бірі мал азығы ретінде пайдаланылады.

Бұл – Африкада, Азияда, Австралияда және Орталық Америкада кенінен тұтынылатын, қоректік заттары мол маңызды тағам, сонымен қатар мал азығы ретінде қолданылады. Индонезияда күріш пен жүгеріден кейінгі үшінші маңызды дәнді дақыл. Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін арттыру стратегиясының бірі – құрғақ астық дақылдарының өнімділігін арттыру. Құмай судың тапшылығына төзімді және лайықты өнім береді, бұл Индонезияның құрғақ аймақтарында азық-түлік өндірісіне елеулі үлес қосады.

Африкада құмай тұқымынан нан, ботка, сусындар, попкорн және чипсы секілді азық-түлік өнімдері өндіріледі. Үндістанда

чапати нанын жасау үшін қолданылады, ауыл тұрғындарының негізгі тағамы. Жармалық құмай дәнінде 70 пайыз крахмал, 12-14 пайыз ақуыз және 4-5 пайыз май болады. Адам ағзасының толыққанды қызмет атқаруы үшін, әсіресе балалар ағзасының, жарманың аминқышқылдық құрамы жақсы болуы тиіс. Ал құмай жармасында алмаспайтын аминқышқылдар жүгері мен арпа жармасына қарағанда көп болады.

Университет ғалымдары жүргізіп жатқан экологиялық сорт сынауға Индияның Хайдарабад өңірінде орналасқан ИКРИСАТ халықаралық ұйымы, Ресейдің «Россорго», Краснодар өлкесінің «Агроплазма», Венгрияның Alfaseed фирмалары, Өзбекстан ғылыми-зерттеу ұйымдары, сондай-ақ Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ, А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы, Өсімдіктер генетикалық қорының Н.Вавилов атындағы Арал өңірі тәжірибе станциясы коллекцияларынан дәндік құмайдың 40-тан астам сорты алынды.

Танаптық тәжірибе жағдайында Венгрияның «Скарлет», «Премимум», «Россоргоның» «Кахалонг», «Тамараж», «Агроплазманың» «Самурай», «Самбур», «Сократ» сорттары гектарынан орта есеппен 4-5 тонна аралығында дәл өніммен қатар қосымша 6,5-7 тонна көк шөп алуды қамтамасыз етіп, аймақтың ерекше табиғи-климаттық жағдайына бейім көрсетті. Дән өнімінің химиялық құрамы, сапалық көрсеткіштері талданып, сорттар бойынша бағаланды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Инженерлік бейіндегі талдау

зертханасымен бірге құмай дәнінен биоэтанол алу жұмысы жүргізілуде. Қызылорда нан зауытында құмай дәні ұнын бидай ұнына қосып, нан өнімдерін шығару жоспарда бар. Үздік сорттарды егуді өндіріске енгізу мақсатында іргелі шаруашылықтармен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Егер өндірістік жағдайда дақыл өнімділігі мен өнім сапасы ойдан шығып жатса, оны терен өңдеу, дәнін және өңделген өнімдерін экспортқа шығаруға мүмкіндік бар, себебі әлемде құмай өнімдеріне сұраныс жоғары.

Дәндік құмайдың өсіру технологиясын терен зерттеп, тұқым шаруашылығын дұрыс ұйымдастырған жағдайда, бұл дақыл күріш ауыспалы егісінде топырақ тұздылығын төмендету және азық-түлік, мал азығын өндіру үшін өсіруге қолайлы әртарапталдыру дақылды болатынына сенім мол.

Ибадулла ТАУТЕНОВ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы

# ӨТІНІШТЕР МЕН ШАҒЫМДАР МҰҚИЯТ ҚАРАЛАДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 26 ақпандағы Жарлығымен бекітілген тұжырымдамаға сәйкес «Ең алдымен адамдар» қағидатын іске асыру бағытында жұмыс атқарады. Бұл қағидат азаматтардың пікірлері мен өтініштеріне жедел ден қоюға бағытталған.

Мемлекет әрбір азаматтың өтінішін қанағаттандыруға бағытталған сапалы қызмет көрсетуі қажет. Бұл бюрократиялық кедергілерді азайтып, азаматтардың өтініштерін қарау барысында артық әуре-сарсаңға жол бермейді.

Бүгінде департамент жұмысының басты міндеттерінің бірі – мемлекеттік қызмет берушілердің тұрғындарға қолжетімді әрі сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуіне бақылау жасау.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру маңызды міндет болып қала береді.

Департаментке келіп түскен өтініштер мен шағымдар мұқият қаралады. Егер өтініш берушінің талаптары негізді деп танылса, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру бойынша нақты шаралар қабылданып, тиісті мемлекеттік органдарға ұсынулар

жолданады. Осылайша, шағымдарды қарау процесі жүйелі жүзеге асырылып, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделері сенімді қорғалады.

Жыл қорытындысы бойынша департамент 735 қызмет алушының бұзылған құқықтарын, шағымдарды қарау нәтижесінде 23 қызмет алушының құқықтарын қалпына келтірді.

Соның бір мысалы – «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тарту дерегі.

Қала тұрғынының шағымы негізінде департамент Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөліміне жоспардан тыс тексеру

жүргізіп, қызмет алушының өтінішінен бөлім негізсіз бас тартқанын анықтады.

Кемшіліктерді жою туралы ұсынудан соң қала тұрғынына аталған мемлекеттік қызмет бойынша оң шешім шығарылып, бұзылған құқығы толық қалпына келтірілді.

Қашықтан мониторинг жүргізу арқылы анықталған заңбұзушылықтар бойынша мемлекеттік органдарға сұрау салу арқылы 9 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Сондай-ақ ВАЖТ отырысының хаттамалық тапсырмасына сәйкес, қалалық, аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімдеріне сұрау салып, 703 тұрғынға жылжымайтын мүлік

объектілерінің мекен-жай нөмірлері қайта берілді.

Кейбір жағдайда өтініш иелеріне ешқандай жауап берілмеген. Тексеру қорытындысы бойынша кішілі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, мемлекеттік қызмет берушілерге анықталған заңбұзушылықтарды жою жөнінде ұсынулар енгізілді.

Департамент алдағы уақытта да мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылауды күшейтіп, азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы жүйелі жұмысын жалғастыра береді.

Егер сіз мемлекеттік қызмет алу процесінде заңнама талаптарының сақталмағанына куә болсаңыз, яғни

мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бұзылса, негізсіз бас тартылса, артық құжаттар талап етсе, қызмет көрсету тәртібі бұзылса, құқығыңызды департаментке шағымдану арқылы қорғай аласыз.

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі 1.

Байланыс нөмірлері: 8 (7242) 70-56-36, 8 (7242) 70-00-40.

ЗАРЫНОВА, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

## ҒАЛЫМ МЕРЕЙІ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде филология ғылымдарының докторы, профессор, Білім беру ісінің үздігі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин, Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері Жеңіс Сәдуақасұлының 80 жасқа толуына арналған Ғылым көңестің мәжілісі өтті.

Салтанатты жиынды ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева ашып, ғалымды университет ұжымы атынан мерейтойымен құттықтап, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ахмет Байтұрсынұлы төсбелгісін табыстады.

Ғылыми кеңесте филология ғылымдарының кандидаты Болат Боранбай баяндама жасап, ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесін атап өтті. Сонымен қатар профессорлар Серікбай Қошқаров, Ұлжан Жанбершьева және әріптестері мен шәкірттері жылы лебіздерін білдірді.

Шараға «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, университет кәсіподақ ұйымының төрағасы Айтжан Оразбаков, Қызылорда «Болашақ» университетінің жастар және тәрбие жұмысы жөніндегі департамент басшысы Берік Саймағанбетов қатысты. Сонымен қатар тілдерді оқыту орталығының директоры Мартаңа Дәулетбаева облыс әкімінің атынан Қызылорда облысының Құрмет грамотасын

табыс етіп, ғалымға ізгі тілегін білдірді.

Жеңіс Сәдуақасұлы – қазақ тіл білімінің дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым. Ол 1979 жылдан ғылым мен педагогика саласында абыройлы еңбек етіп келеді, 1988 жылы кандидаттық, 1997 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғаған. Профессор 60-тан астам ғылыми жұмыс пен диссертацияларға пікір білдіріп, 25 диссертациялық жұмыстың сарапшысы болған. Оның жетекшілігімен бір аспирант кандидаттық, 20-дан астам магистрант ғылыми жұмысын сәтті қорғап, бүгінде түрлі жоғары оқу орындарында еңбек етуде.

Ғалымның 150-ге жуық ғылыми және әдістемелік еңбегі жарық көрген.

Жеңіс Сәдуақасұлының ғылым мен білім саласына сіңірген еңбегі, қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі жас ұрпақ үшін өнеге. Өмір жолы – адалдық пен еңбектің, ұстаздық пен азаматтықтың айқын үлгісі.

«СБ» ақпарат

## «ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ» ДӘРІСХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Белгілі ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Көрбозұлының «Ғазиз жүрек», «Ұстаз ұлағаты», «Ізденіс іздері» және «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты еңбектерінің тұсаукесері өтті.



Айта кетейік, автордың бұған дейін 10 монография, бірнеше әдеби-публицистикалық кітабы жарық көрген. Сонымен қатар, ғалымның редакторлығымен жарыққа шыққан 200 томдық «Сырдария кітапханасы» Сыр руханиятына қосылған сүбелі үлес десек болады.

Әдебиеттанушының оқырманға жол тартқан жаңа туындысы – «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» үштомдық жинағы. Бірінші томына Жанқожа батыр туралы тарихи жырлар (құрастырып, баспаға дайындаған С.Қосан), екінші томына Сыр өңірінде тараған аңыз-әңгімелер (құрастырып, баспаға дайындаған Ғ.Тұяқбаев), үшінші томына кисса-дастандар (құрастырып, баспаға дайындаған Н.Нұрмаханов) жинақталған.

Кітаптың тұсауын кескен кәсіпкер-меценат, «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат», І дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері Самұрат Имандосов ғалым Бағдат Көрбозұлымен достық, сыйластық қарым-қатынасы жайлы әңгімеледі. Қалам иесінің ұстаздық, жазушылық, зерттеушілік тұрғыдағы терең ізденіске толы еңбегін атап өтіп, әдебиет пен ғылымдағы жетістігіне биік баға берді.

Кеште қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Асыл Оразованың автор атынан Сыр-анамен сырласу мазмұнында дайындаған монологын университет түлектері нақышына келтіре оқып, тыңдаушылардың көңілін толқyttы.

Жиын модераторы филология ғылымдарының кандидаты Ғ.Тұяқбаев Бағдат Көрбозұлының үш кітабын әдебиетке, ғылымға, ұстазы Зейнолла Қабдолова деген құрметі, ел алдындағы перзенттік парызына деген адалдығы мен жауапкершілігі деп атап өтті.

Автордың 2025 жылы басадаң шыққан «Ұстаз ұлағаты» еңбегі ұстаз бен шәкірт арасын жалғап тұрған ізгі ниет, ыстық ықылас, шынайы құрметтің айғағындай. Бұл туынды жайында университет профессоры, «Парасат» орденінің иегері Ұлжан Жанбершьева талдау жасап, қазақ ғылымының заңғар тұлғасы Зейнолла Қабдоловтың шәкірті

бола жүріп, ұстаз ұлағатын бүгінге жалғап келе жатқан Бағдат Көрбозұлының тағылымға толы танымдық еңбегін жоғары бағалады.

Қаламгердің жуырда ғана жарыққа шыққан «Ізденіс іздері» атты еңбегі туралы шәкірті, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Гүлзира Оралова ғылыми талдау жасап, кітап мазмұнын жан-жақты таныстырды. Жаңа туындыда жаңа теориясы мен поэзиядағы ұлттық характер мәселелері ғылыми тұрғыда сараланғанына тоқталып, әсіресе, әдебиет әлеміне қалам басқан шәкірттер үшін құнды дерек көзі екенін атап өтті.

Жиын барысында профессордың 2024 жылы жарық көрген «Ғазиз жүрек» кітабы адамгершілік пен парасаттылықты өмір философиясына айналдырған туынды екені айтылды.

Сыр өңірі ғана емес, жалпы қазақ әдебиетіне қосылған рухани танымдық дүниелер жайында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, техника ғылымдарының докторы Қылышбай Бисенов, саяси ғылымдар докторы Мұрат Бақтыярұлы, техника ғылымдарының докторы Серікбай Қошқаров, мемлекет және қоғам қайраткері Әріп Қожанов пікір айтты. Олар ғалым ұстаз, қаламгер Бағдат Көрбозұлының еңбектеріндегі қазақ фольклорына қатысты айқын деректер мен ғылыми тұжырымдар болашақта да тың ізденістерге бастау болатынына сенім білдірді.

Ғалым еңбегіне көрсетілген құрметтің көрінісі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бірінші ғимаратында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Көрбозұлы атындағы «Әдебиет теориясы» дәрісханасы ашылды.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, аймақ басшысының құттықтауын жеткізді.

Ғазиза ӘБДІЛД, «Сыр бойы»

## БІЛІМ БИІГІНДЕГІ ӘЛІШЕР

Жуырда Алматыда XXII халықаралық Жәутіков олимпиадасы өтті. Биыл олимпиадаға өлемнің 16 елінен математика, физика және информатика пәндері бойынша 612 оқушы мен 122 команда жетекшісі қатысты. Олардың арасында Армения, Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қазақстан, Кыргызстан, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Румыния, Тәжікстан, Түркіменстан, Индонезия, Үндістан және Өзбекстаннан келген оқушылар бар.

Екі турды қамтыған байқау барысында қатысушылардың білімін ҚР ҰҒА академигі Асқар Жұмаділдаев бастаған қазылар алқасы бағалады. Нәтижесінде Алматы қаласындағы республикалық физика-математика мектебінің командасы жүлделі ІІІ орынды иеленді. Құрама сапындағы осы мектептің 8-сынып оқушысы Еламан Әлішер 10-11 сынып оқушылары арасынан озып шығып, алтын медальға ие болды. Академик Асқар Жұмаділдаев жабылу салтанатында бұл көрсеткіштің халықаралық олимпиададағы үлкен сенсация екенін айырықша атап өтті.

Әлішер – қатарынан озық, алтыр оқушы. Оның бұған дейінгі жетістіктері аз емес. 2024 жылы 7-сыныпта оқып жүріп, 10-11 сыныптар арасында өткен Қазақстан Білім олимпиадасында информатика пәні бойынша І-орын иеленіп, алтын медальмен марапатталды. Өткен жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Алматыда оқушылар арасында информатикадан XVII Еуразиялық олимпиада өткізген. Оған Қазақстан, Кыргызстан және Тәжікстаннан 72 команда, 216 оқушы қатысты. Олимпиада қорытындысында жеңіс тұғырынан көрінгендер қатарында Әлішер де бар.

Қандай оқушының болсын, білімі мен зияткерлік қабілеті осындай ой долларында сыналатыны сөзсіз. Ал Әлішер секілді озық ойлы балалардың жетістігі – мұғалімнің де, өзі оқитын мектептің де мақтанышы.

«СБ» ақпарат



1981 жылдың жазында үйленгенімізге он күн болмай жатып келіншегім Гүлбақарам екеумізді жолдамамен қазіргі Нағи Ілиясов ауылына жас маман есебінде қызметке жіберді. Мен – гидротехник, ол – аптека фармацевті. Әскерден келгеніме екі-үш ай ғана болған. Ол кезде жас маманға үкімет бірден үй беретін еді. Алғашқы көршім қырықтарға тақап қалған Дәурен деген шофер кісі болып шықты. Біз көшіп барғанда ол кісі целинаға яғни, солтүстік өңірлердегі егін жинау науқанына іссапарға кетіпті. Отанасы Бақыт ана үй тіршілігіндегі көпбалалы ана екен. Бір күні жұмыстан келсем кірпіштен соққан біздің үйдің сарайының бір бұрышы құлап жатыр. Бұған не болған деп ашу шақырып ойланғанша, жап-жаңа «ЗиЛ» жүк көлігімен келген көршім «Інім ренжіме, жаңа машинаның бұйымен байқамай тиіп кетті» деп, мені қасыра құшақтап алды. Осылай танысқан Дәукенмен он бір жылдай көңіл суысып, қатар қонған екі көрші туыстай болдық. Ағаның абыр-сабыр, көп нәрсені елей бермейтін аңғал қазаки мінезіне бойымыз тез үйренді.

«Ауылда тұрып, мал асырамасаң болмайды» деп, саудаласып жүріп «Шіркейлі» каналының басындағы малшы ауылдан арзанға бір бұзаулы сиыр алып берді. Сол сиырдың тұқымы жақсы болып, беріге дейін пайдаландық. Бірде сиыр туайын деп тұрғанда жоғалып кетті. Содан үміт-тілді үзіп жүргенде, көршіміз Советтің малға зерек Мушка деген баласы

«аға, сіздің сиырды ойнап жүргенде пәленшенің қорасында бұзаулап тұрғанын көрдім» деп келді. Ана кісінің қорасындағы тұрған сиырдың сыртынан танып қуанып кеттім. Сұрап барсам, «өзімдікі» деп, қайта мені кінәлап, айқайлап үйінен қуып шықты.

Осы оқиғаны естіген Дәукен дереу мені машинасына мінгізіп алып, ауылдың арғы шетіндегі үйге тура тартты. Ай-шайға қарамай сиырды таныған көкем айқайға басты. «Ауылға қаршадай бала көшіп келе қойып еді, енді бұның жалғыз сиырына көздерің түсті ме?» дегенде ана кісілердің аузыларына құм құйылды. Бұйырған малды екеулеп үйге айдап қайттық. Құранда «Көршің үшін намаздығың бұз» деген сөз осы Дәурен ағаның тірлігіне арналғандай.

Бірде ауламыз солдатқа толып кетті. Сөйтсем трассада, ауылдың тұсында әскерлер мінген бір машина бұзылып жатыр екен. «Зилмен» келе жатқан Дәурен аға «менің де балам осылардай әскерде жүр ғой» деп, бір рота солдатты командирлерімен қоса машинасына тиіп үйіне әкеліп, мал сойып қонақ қылды. Қазір ойланам, қарапайым жұмысшы адамның қамқорлығы қандай?! Олай жасау қазір қолымыздан келе ме, жоқ па?

Кішкене балаларымызды күнде бесігімен аркалап үй жағалап осы көршілердің арқасында өсірдік. Қазір ойланып таңғалам, не деген азаматтық! Сол кездегі 22 жастағы жас отбасына көрсеткен ағалық қамқорлығын, көршіні қорғап, үлкен-кішіге қарамай



Фото ашық дереккөзден

әрқашан әрқайсының орнын бағалап жүру керектігін сол кездегі көршілерім Зейнел аға, Айша ана, Ұмытшақ әже, Шенгелбай әке, Қибаш, Совет ағалар, Салиха апаларды есіме сақтап, әлі де солардың тіршілігінен үйреніп жүрмін.

Жақында Нағи ауылында қоғамдық жұмыстармен жиналыста болғаным. Халықтың арасынан суырылып шығып сәлем берген Дәурен Әбдіраманов ағамның сол кездегі кішкентай қыздары Айнұр мен Дидар екен. Дәурен аға мені Бақыт ана ертеректеу қайтыс болып кетті. Балалары ер жетіп, үйлі-баранды болып, еліміздің түкпір-түкпіріне қоныс теуіп, еңбек етуде. Қарапанырақта үйдің кенжесі Қылышбек тұрып жатыр. «Туыс – атадан, көрші – Алладан» деп бекер айтпаған екен.

Қоныс тепкен жерлерде көршілерім өте жақсы адамдар болды. Қазір аудан орталығында тұрамыз. Біз де үлкендік. Сол кісілерден алған өнеге, көрген-берген тәрбиелерін үнемі сағыныппен еске алып отырамыз.

Марат ОМАРОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

/// СПОРТ

## БЕЛГІЛІ ФУТБОЛШЫ «ҚАЙСАР» САПЫНА ҚОСЫЛДЫ

Англияның «Челси» және «Ливерпуль» клубтарында ойнаған нигериялық Виктор Мозесі қызылордалық «Қайсар» командасының футболшысы ретінде таныстыру рәсімі өтті.



Алдымен баспасөз мәслихаты өтсе, одан кейін жаңа ойыншы жанкүйерлерге таныстырылды.

Виктор Мозес 1990 жылы Нигерияның Лагос қаласында дүниеге келген. Англияның «Кристал Пэлас» командасының түлегі алдымен сол клубта 2007 жылы мансабын бастап, одан кейін «Уиган Атлетик», «Челси», «Ливерпуль», «Сток сити», «Вест Хэм Юнайтед», «Лутон Таун», Түркияның «Фенербахче», Италияның «Интер», Ресейдің «Спартак» клубтарында доп тепкен. 2012-2018 жылдары Нигерия ұлттық құрамасының намысын қорғады.

– Маған ұсыныспен шыққан командалар аз болған жоқ. Әрине, әрбір футболшы өзіне қолайлы нұсқаны қалайды. Мен «Қайсар» өкілдеріне жолыққан сәтте команданың алға қойған мақсаты жөнінде білдім. Қызылорда қаласында былтыр жаңа стадион пайдалануға берілгенін естідім. Оған қоса биыл алдына жоғары мақсат қойып отыр екен. Бұл жобалар мені қызықтырды. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін өз үлесімді қосуға шешім қабылдадым. Оған еш өкінем емеспін. Осылайша маған жаңа мүмкіндікке жол ашылды. Командамен бірге үлкен жетістікке жетейін деген ойдамын. Алдағы уақытта «Қайсардың» Түркиядағы оқу-жаттығу жиынына барамын. Онда футболшылармен танысып, тәжірибемді арттыра түсемін, – деді Виктор Мозес.

Биыл команда алдында жүлделі орындардың біріне ілігу және Қазақстан кубогына қол созу міндеті тұр. Сондықтан олар алдымен бас бапкерді ауыстырды. Бұл қызметке қазақстандық маман Андрей Ферапонтов келді.

Команда басшылығы өткен жылғы құрамнан қақпашы Нұрымжан Салайдин, қорғаушы Темірлан Мұрзағалиев пен Әділет Кеңесбек, жартылай қорғаушы Айбол Әбікен мен Думан Нәзілдіев, шабуылшы Нұрдіулет Ағзамбаевпен келісімшарт мерзімін ұзартты. Сондай-ақ команда құрамына шетелден жаңадан қақпашы Адам Ковач (Словакия), қорғаушы Никола Цуцкич (Сербия), шабуылшы Томас Джонс (Чили) келді. Оған қоса қазақстандық қорғаушы Нияз Ыдырысов, жартылай қорғаушы Сағи Совет, шабуылшы Алияр Мұхамед, алдағы маусымда қызылордалық клуб сапында ойын көрсетеді.

Айта кетсек, команда сапынан Ілияс Әмірсейтов, Бекзат Құрманбекұлы, Әліби Тұзақбаев, Елжас Алтынбеков және Қуаныш Қалмуратов, Александр Моксин, Ерсұлтан Төреқұл, Марлен Айманов, Дидар Жалмұқан және Карам Сұлтанов кетті.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

www.facebook.com/syrbboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ  
қабайдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАВИДИНОВ  
қабайдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrbboyi

www.instagram.com/syrbboyi\_kz

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымырда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АК» - ақилы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.